ШЕТ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»

КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ШЕТСКОГО РАЙОНА КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЯ

«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ АБАЯ»

БҰЙРЫҚ

Жұмыскер ауылы

ПРИКАЗ

село Жумыскер

01.09.2026ж №47-н/б

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы»

Шет ауданының білім бөлімінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №161 н/қ бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Абай атындағы ЖББ мектебінде 2026-2027 оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру мақсатында:

1) Жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу нысандарды тазалау оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;
2) Мектеп қабырғасында:

- кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
- концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуіне ақша жинауға;
- мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
- мерекелік күндері сыныпты, мектеп ішін безендіру үшін ақша жинауға;
- тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
- жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын;

3) оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

2.Осы бұйрықтың тиісінше жүзеге асырылуын мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Тасырбаеваға жүктелсін

3.Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.а. **А.С.Дильдашева**